

**Батыс Қазақстан облыстық сотының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 109-бабы бірінші бөлігінің конституциялылығын тексеру туралы**

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007 жылғы 24 қаңтардағы N 1 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Төраға И.И.Рогов, Кеңес мүшелері Х.Ә.Әбішев, Қ.Ж.Балтабаев, Н.В.Белоруков, С.Ф.Бычкова, А.М.Нұрмағамбетов, Ү.М.Стамқұлов қатысқан құрамда, мыналардың:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілі - Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі **С.П.Нұғымановтың,**

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өкілі - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары **А.Қ.Дауылбаевтың,**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының өкілі - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы **Н.Ә.Әбдіқановтың,**

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің өкілі - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары **М.Ә.Нұримановтың,**

Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі агенттігінің (қаржы полициясы) өкілі - Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі агенттік (қаржы полициясы) Төрағасының орынбасары **Қ.П.Қожамжаровтың,**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің өкілі - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Заң департаментінің бастығы **Б.З.Әшитовтың** қатысуымен,

өзінің ашық отырысында Батыс Қазақстан облыстық сотының Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 109-бабының бірінші бөлігін конституциялық емес деп тану туралы ұсынысын қарады.

Конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп, баяндамашы - Конституциялық Кеңестің мүшесі **С.Ф.Бычкованың** хабарлауын, отырысқа қатысушылардың сөйлеген сөздерін, сондай-ақ сарапшыларды - заң ғылымдарының докторы, профессор, **Д.А.Қонаев** атындағы Университеттің ректоры **Ө.Қ.Қопабаевты** және заң ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры **Б.Х.Төлеубекованы** тыңдап, **Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі** мынаны **анықтады:**

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесіне 2006 жылғы 27 желтоқсанда Батыс Қазақстан облыстық сотының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206-І Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі - ҚІЖК) 109-бабының бірінші бөлігін тұлғалардың анықтау, тергеу органдарының, прокурордың қылмыстық іс қозғау туралы қаулыларына сот тәртібімен шағымдану құқығын шектеу бөлігінде конституциялық емес деп тану туралы ұсынысы келіп түсті.

Ұсыныстан келіп шығатыны, Батыс Қазақстан облыстық сотының іс жүргізуінде Батыс Қазақстан облысы бойынша Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі департаменті (қаржы полициясы) бастығының міндетін уақытша атқарушы А.А.Точилиннің Орал қалалық сотының 2006 жылғы 2 қарашадағы қаулысына берген жеке шағымы жатыр. Осы шешіммен Батыс Қазақстан облысы бойынша Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі департаментінің (қаржы полициясы) лауазымды тұлғаларының мемлекет қаржысын ұрлауы фактісі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті тергеу бөлімінің аса маңызды істер жөніндегі аға тергеушісінің 2006 жылғы 9 қазандағы қаулысының күшін жою туралы А.А.Точилиннің шағымы қанағаттандырусыз қалдырылған. Оны қабылдауға негіз болғаны, алдын-ала тергеу органының қылмыстық іс қозғау туралы қаулысына, Орал қалалық сотының пікірі бойынша, ҚІЖК 109-бабының тәртібімен сотқа шағымдануға болмайды.

Батыс Қазақстан облыстық соты, "қылмыстық қудалау органы қылмыстық іс қозғау туралы қаулы шығарған сәттен бастап өзіне қатысты осы қаулы шығарылған тұлға, Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген өзінің құқығын, бостандығын, заңды мүдделерін қылмыстық іс қозғау кезеңінде барлық құрал-тәсілдермен қорғау мүмкіншілігінен айрылған", - деп пайымдайды.

Осыған орай Батыс Қазақстан облыстық соты, "ҚІЖК-інің 109-бабының бірінші бөлігінде белгіленген қылмыстық қудалау органдарының шағым берілетін іс-әрекеттері мен шешімдерінің тізбесі А.А.Точилиннің және Батыс Қазақстан облысы бойынша қаржы полициясының өзге де лауазымды тұлғаларының Конституцияның 1, 12, 13, 14, 77-баптарында баянды етілген сот арқылы қорғалу құқығына нұқсан келтіреді", - деп е с е п т е й д і .

Осы көрсетілген негіздер бойынша Батыс Қазақстан облыстық соты Қазақстан Республикасы Конституциясының 78-бабына сәйкес іс бойынша өндірісті тоқтата тұрып, ҚІЖК-інің 109-бабының бірінші бөлігін конституциялық емес деп тану жөніндегі ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 109-бабы бірінші бөлігінің конституциялылығын тексеру кезінде Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі мынаны негізге алды.

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабының 1-тармағына сай Қазақстан Республикасындағы сот билігі "өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды". Ол сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады (Конституцияның 75-бабының 2-тармағы).

Негізгі Заңның 13-бабының 2-тармағына сәйкес "әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар", бұл "кез келген адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау және қалпына келтіру үшін сотқа шағынуға құқығы бар екенін білдіреді" (Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1999 жылғы 29 наурыздағы N 7/2 қаулысы). Сот арқылы қорғалу құқығы "адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына берілетін конституциялық кепілдік болып табылады, сондықтан Конституцияның 39-бабы 3-тармағына сай ешбір жағдайда да шектелмеуге тиіс" (Конституциялық Кеңестің 2002 жылғы 15 ақпандағы N 1 қаулысы).

1948 жылғы 10 желтоқсанда БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы қабылдаған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 8-бабында әркімнің де өзіне конституциямен немесе заңмен берілген негізгі құқықтары бұзылған жағдайда құзырлы ұлттық соттар арқылы құқықтары тиімді түрде қалпына келтірілуіне құқығы бар екені п а ш е т і л г е н .

БҰҰ Бас Ассамблеясының 1966 жылғы 16 желтоқсандағы 2200А (XXI) резолюциясымен қабылданып, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы N 91-III Заңымен ратификацияланған, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге сәйкес "осы Пактіге қатысушы әрбір мемлекет: а) осы пактіде танылатын құқықтары мен бостандықтары бұзылған кез келген тұлғаны, осы бұзушылықты ресми сипатта әрекет еткен тұлғалар жасаса да, құқықтық қорғалудың тиімді құралымен қамтамасыз етуге; б) құқықтық қорғалуды талап етуші кез келген тұлға үшін құқықтық қорғалу құқығын құзырлы сот, әкімшілік немесе заң шығарушылық билік орындары немесе мемлекеттің құқықтық жүйесінде көзделген басқа бір кез келген құзырлы орган белгілеуін қамтамасыз етуге және сот арқылы қорғалу мүмкіндігін дамытуға міндеттенеді" (2-баптың 3-тармағы).

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі өзінің қаулыларында, Негізгі Заңның 13-бабының 2-тармағында көзделген әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы туралы конституциялық норманың мазмұны адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірілуіне әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін іс-әрекеттер мен шешімдерге сотқа шағымдану құқығын да қамтитынын бірнеше рет атап көрсеткен болатын (Конституциялық Кеңестің 1998 жылғы 5 маусымдағы N 3/2, 1999 жылғы 29

наурыздағы N 7/2 , 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 13 қаулылары).

Демек, Конституциядан әркімнің өзінің конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын соттар мен қылмыстық қудалау органдарының іс-әрекеттері мен шешімдеріне сот тәртібімен шағымдануға құқылы екендігі келіп шығады. Бұл көрсетілген құқықты заңмен регламенттеу оны қылмыстық процесс кезеңдерінің әрбірінде жүзеге асырудың процессуалдық механизмдерін белгілеуді білдіреді.

2. Әркімнің сот арқылы, соның ішінде, соттардың, сондай-ақ қылмыстық қудалау органдарының заң бұзылуына, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірілуіне әкеп соқтырған процессуалдық іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану арқылы қорғалу құқығын бекітетін конституциялық нормалар қылмыстық іс жүргізу заңында қылмыстық процестің принциптерінде берілген ( ҚІЖК-інің 12-бабының бірінші бөлігі, 31-бабының бірінші бөлігі). Бұл принциптер қылмыстық процестің әртүрлі кезеңдерінде процессуалдық іс-әрекеттер мен шешімдерге шағымдануды регламенттейтін нормалардың мазмұнын айқындайды.

Қылмыстық іс қозғау, анықтау және алдын-ала тергеу, негізгі мақсаты қылмыстық істі сот талқылауына дайындаудан тұратын қылмыстық іс бойынша соттан алдыңғы өндірістің мазмұнын құрайды. Сондықтан қылмыстық процесті жүргізуші органдардың іс-әрекеттері мен шешімдерінің заңдылығын тексеру, негізінен, істі сотта мән-жайы бойынша бұдан кейін қарау кезінде іске асырылады. Алайда процессуалдық іс-әрекеттер мен шешімдер олардың шеңберінен шығып кететін салдарды туындататын болса, онда бұл көрсетілген іс-әрекеттердің (шешімдердің) заңдылығын тексеруді сот талқылауы кезеңіне дейін қалдыра тұру жекелеген жағдайларда адамның және азаматтың нұқсан келтірілген құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруді қиындатады немесе оған мүмкіндік бермейді.

Қаулы нысанында білдірілген, қылмыстық іс қозғау туралы процессуалдық шешім алдын-ала тергеуді немесе анықтауды бастау үшін құқықтық негіз болып табылады. Бұл ретте көрсетілген қаулы тиісті процессуалдық қатынастарды туындатып қана қоймай, оның қылмыстық іс бойынша бұдан кейінгі өндіріске байланысты адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектейтін салдары да болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда, өзіне қатысты қылмыстық іс қозғау туралы қаулы шығарылған тұлғаға осы қаулыға тез арада сотқа шағымдану мүмкіншілігін бермеу оның құқықтары мен бостандықтарын сот тәртібімен қалпына келтіруге кедергі келтіреді.

Сонымен бірге, сот қылмыстық қудалау органының қылмыстық іс қозғау туралы қаулысына берілген шағымды тексеру кезінде, ҚІЖК-іне сәйкес қылмыстық істі мән-жайы бойынша шешу кезінде сот қарауының нысаны болып табылуы мүмкін мәселелерді алдын-ала шешпеуге тиіс. Бұл жағдайда сот тексеруін қылмыстық іс қозғау тәртібін реттейтін заң нормаларының сақталуы мәселелерін анықтаумен шектеген жөн.

3. ҚІЖК-інің 109-бабының бірінші бөлігіне сай "қылмыс туралы арызды қабылдаудан бас тартылуына немесе қылмыстық іс қозғаудан, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын іс жүргізу әрекеттерін жүргізуден, қылмыстық істі тоқтата тұрудан немесе қысқартудан бас тартылған кезде оның осындай шағымын тиісті прокурор қанағаттандырмай тастағаннан кейін ол адам заңның бұзылуына сотқа жүгінуге құқылы". Оның мазмұнынан келіп шығатыны, тұлға процессуалдық шешімдердің шектеулі қатарына шағым беріп сотқа жүгіне алады, мұндай шешімдердің ішінде қылмыстық іс қозғау туралы қаулы айтылмаған. Алайда ҚІЖК-інің 109-бабының бірінші бөлігінде қылмыстық іс қозғау туралы қаулыға сотқа шағымдануға тікелей тыйым салатын және сол арқылы адамның және азаматтың сот арқылы қорғалуына деген конституциялық құқығын шектейтін норма да жоқ.

1998 жылғы 6 қазандағы N 7/2 қаулыда Конституциялық Кеңес, нормативтік құқықтық актіде адамның және азаматтың конституциялық құқығын баянды ететін норманың болмауы, осындай актіні конституциялық емес деп тануға негіз бола алмайды, деген құқықтық көзқарасты тұжырымдады.

Осылайша, Конституциялық Кеңес ҚІЖК-інің 109-бабының бірінші бөлігінде қылмыстық қудалау органының қылмыстық іс қозғау туралы қаулысына сотқа шағымдану құқығы туралы норманың болмауы оны Конституцияға сәйкес емес деп тануға әкеп соқтырмайды деп пайымдайды.

Жазылғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 2-тармағын, "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 2737 Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17-бабы 4-тармағының 1) тармақшасын, 31-33, 37-баптарын және 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып, **Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі**

**қаулы етеді:**

1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 109-бабының бірінші бөлігі Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабының 4-тармағында көзделген ретті ескере отырып, түпкілікті болып табылады.

3. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы*  
*К о н с т и т у ц и я л ы қ            К е ñ е с і н і ң*

*Төрағасы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК